

Тексерілді:

«Нұрби» «Мектеп-библиотека-балабақша

кешені меңгерушісі Мираманова М.А.



ЕРТЕНЦІЛІК

Тақырыбы: Менің анам ардақтым!

Орындаған: Райымбаева А.О.

Жүргізуші:

Бүгін наурыздың сегізі

Сұлулықтың негізі

Әдемі сөз адамның

Анаға айтар лебізі

Армысыздар, құрметті қонақтар, аналар әжелер, сүйкімді бүлдіршіндер. Көктемнің алғашқы 8-наурыз мерекесі құтты болсын! Табиғаттың өзі де бұл күні біздің аяулы аналарды, ардақты әжелерді, сүйкімді қыздарымызды даңқа бөлеп тұрғандай. Ана деген әлемнің жан дүниесі, бастауы мен таусылмайтын жалғасы. Сіздерге шаттық, бақыт, байлық, тілей отырып, «Менің анам ардақтым» атты ертеңгілігімізді бастауға рұқсат етіңіздер.

Жүргізуші:

Аялаймыз ананы

Құрметтейміз бағалап

Сіздер үшін аналар

Шырқап әнге саламыз.

Хор: « Апатайым –анашым»

Жүргізуші:

Бала, бала, бала деп

Түнде шошып оянған

Түн ұйқысын төрт бөліп

Қаймақты сүттей қалқытқан

Қолын қатты тигізбей

Иісін жұпар аңқытқан

Бұл кім? Балалар

Балалар : Ана, ана, ана!

Жүргізуші: Келесі кезекте балалардың жылы лебізіне кезек берейік.

Айбек:

Жарқын жүзді жан анам

Сендей болсын бар адам

Сендей болса бар адам

Шаттық кетпес адамнан

Айару:

Әр сөзімді жаттаған
Жүрегімде жаттаған
Анашым деп мақтанам
Айналайын ақ мамам

Б.Нұрислам:

Біз доспыз гүлдермен
Текке оны жұлмаймыз
Той күні бір бірден
Аналарға сыйлаймыз

Інжу:

Әр сөзімді жаттаған
Жүрегімде сақтаған
Анашым деп мақтанам
Айналайын ақ мамам

М.Нұрислам:

Сенен өскен балалар
Батырлар мен даналар
Құттықтаймыз мейраммен
Құрметті аналар

Азиза:

Шашымды өріп тараған
Қабағыма қараған
Үлкен кіші демейді
Сыйлайды оны бар адам

Жүргізуші: Бүгінгі мереке күні әжелерімізді де мерекелеріңізбен құттықтаймыз. «Қариясы бар үйдің қазынасы бар» деп бекер айтылмаған.

«Балдырған» тобының мың бұрала билейтін бишілері әжелеріміздің құрметіне «Қазақ қыздары» қарсы алайық

Жүргізуші:

Өлең айтып беремін

Әдепті боп жүремін

Өйткені мен анамды

Өте жақсы көремін-дей отырып келесі кезекті балалардың лебізіне береміз.

Омар:

Ақ қабақты анашым

Күн сәулелі анашым

Әлпештеген баласын

Айналайын анашым

Айзере: Анамыздың мейірлі

Жүзіне біз қараймыз

Анамыздың пейілді

Жомарт жанға балаймыз

Бейбарыс:

Ақ анашым, аппағым

Өзің жайлы таппағым

Өзің жайлы әнімде

Арнадым саған бәрінде

Әділхан:

Әр сөзімді жаттаған

Жүрегімде сақтаған

Анашым деп мақтанам

Айналайын ақ мамам!

Даяна:

Анам, анам. Ақ анам

Мен өзіңдей ақ балаң

Айтқан тіліңді аламын

Жұмсағанда барамын

Есік қағылып көк көйлек киген Көктем келеді.

Көктем:

Мен көңілді көктеммін

Бытыр келіп кеткенмін

Көзін ашып бұлақтың

Түбіне тал екенмін

Гүл боп қырда егілем

Дән боп жерге төгілем

Жаңбыр болып жуамда

Нұр боп көктен төгілем:

Жүргізуші: Амансыңба көктем Ұлан байтақ жерімізге қош келдіңіз. Шуағынды шаттандырып ,Нұрыңды мол төге бер:

Көктем: Мынау менің құшағым толы қыр гүлін гүлдей жайнаған қыздарға сыйлағым келіп отыр-деп гүлдерді қыздарға таратады.

Көктем: Осы гүлдей құлпыра беріндер ,Мерекелеріңіз құтты болсын!

Жүргізуші: Олай болса көктем отырып балалардың өнерін тамашалаңыз.

Ән: «Құттықтаймын мама»

Жүргізуші: Келесі кезекте ойынға береміз «Кім тапқыр»

Ойынның шарты: Ата-аналар ойынға шығады көздері байлаулы ,Содан соң балалары шығады. Ата-аналар байланған көздері арқылы өз балаларын сипап сезу арқылы табу керек:

Жүргізуші:

Шуақты көктем келді гүлді алып

Көктемнің мерекесі бүгін анық

Өмірдің көктемі де,гүл – Аналар

Ана деп бас иеді күллі халық-деп биші ұлдарымызды ортаға «Жігіттер» биімен шақырамыз.

Жүргізуші: Осынау көктем мерекесінің орны қай кезде де бөлек: олай болатыны,аналарға ыстық сезім,алғыс пен құрмет сөнбек емес:Олар өмірдің гүлі,көңілдің жыры.әр отбасының алтын діңгегі.Бала десе ет жүрегі езіліп тұратын аяулы аналарымызға ,ардақты әжелерімізге арналған «Үш ана» көрінісін тамашалаңыздар:

Қатысушылар: Қызы: Айару ,Анасы: Інжу,Әжесі: Айбек,Автор: Даяна.

Ортаға үстел қойылады,айналасына үш орындық,үстел астында қуыршақ жатады:

Автор: Ойыннан келген Айару

Қуыршағын іздеді

Астынан үстелдің таптыда

Хәл сұрауды көздеді

Қызы:Қызым менің қалайсың

Томсырайып қарайсың

Қарның ашып отырмай

Тамақ ішсең болмайма

Егер тамақ ішпесең

Қу сүйек боп қаласың

Отыр қане қасыма

Тамақтанып аласың

Автор:Айарудың осы сәт

Анасы үйге кіреді

Тағат таппай қызының

Хәлін сұрап біледі

Ана: Айару жан бүгін сен

Тамақ ішіп көрдің бе?

Қызықтап әлде ойынды

Кешке дейін жүрдің бе?

Күнде саған ұмытпай

Тамағыңды іш деймін

Тіл алмайсың қырсығып

Осы сені не істеймін

Автор:Анасының артынан

Аптығып әже кіреді

Ол дағы өз қызының

Хәлін сұрап біледі

Әже:Айналайын алтыным!

Шаршадыңба жарқыным?

Ішпедің ау тамақта,

Жайын ойлап жалпының

Қарашығым, қарағым

Түсіңкіғой қабағың

Күнімен тұрып жұмыста

Болмай қалды –ау тамағың

Автор: Аналардың елжіреп

Ет бауыры барады

Әр қайсысы сұқтанып

Өз қызына қарады

Бәрі бірге: Қандай қиын қараңдаршы

Қырсық мінез бала болу

Бәріненде оңай емес

Білсеңіздер ана болу

Жүргізуші:

Көңіліңіз Алатаудың ақ қарындай

Мейірімің күннің шуақ шашқанындай

Қалайша аяулы ана тыны алармын

Ән болып сағыныштан ақтарылмай

Хор: «Ақ мамам»

Жүргізуші:

Аналар ақ тілекті сөз көп дейін

Жылытар жүрегінді көз көп дейін

Ақ жаулықты аналар бұл сіздерге

Қарсы алайық балалардың әсем биін

Ортада «Балдырған» тобының бір топ балалары

Жүргізуші: Ананың әр бір сөзі жылылыққа толы. Ананың көз нұры, мейірімі тастай мұзды да жібітеді. Сүйікті аналар, ардақты әжелер келесі кезекте балаларымыздың әніне берейік.

Ән: «Сегодня мамин праздник»

Жүргізуші:

Сүйкімді ғой балалар

Өнерлі ғой баршасы

Міне осындай қойылым

Жүргізуші: Осымен біздің мерекеміз аяқталды. Қымбатты да аяулы аналар! Мерекелеріңіз құтты болсын! Әлемдегі ең сұлу, ең мейрімді, ең қамқор адам осы отырған сіздер. Дендеріңіз сау, көңілдеріңіз шат болсын, әрқашан аман болайық.

Сау болыңыздар!